- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III, 2007 жылғы 27 шілде (10.07.2012 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

- ҚР МЖМБС 5.04.019 – 2011 Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі Ережелер;

- ҚР Үкіметінің 23 тамыз 2012 ж. №1080 қаулысымен бекітілген білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын жүзеге асырушы білім беру мекемелерінің қызметі туралы типтік Ереже (ҚР Үкіметінің 20 мамыр 2013 жылғы №499 қаулысы);

- Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру туралы Ереже (ҚР БжҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 ж. №125-бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудан, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі Ережесі»;

- Кәсіби практикаларды ұйымдастыру және өткізу туралы ереже және практика базасы болатын мекемелерді анықтайтын ереже (ҚР БжҒМ 29.01.2016 ж. № 107 бұйрығымен бекітілген);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторы.

- Кәсіптік стандарт «Қаржы» 26.08.2015 ЭҚАБЖ МО (7.13.2 версия), Жеке мекеме «Жүйелік талдау және модельдеу академиясы» (жоба).

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Бұл білім беру бағдарламасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті 5B050900 – Қаржы мамандығы бойынша бакалаврларды даярлауды жүзеге асырудың нақты мазмұнын анықтайтын Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасақталған.

Бұнда алдыңғы қатарлы технологияларды меңгерген, инновациялық ойлауға қабілетті 5B050900 – Қаржы бағытында даярланатын бакалаврларды оқыту мақсаттарының ерекшеліктері көрініс тапқан. Білім беру бағдарламасы ғылыми-зерттеу және практикалық әрекеттің қажетті түрлеріне байланысты, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып өңделген ерекше құзыреттіктер (жалпы және арнаулы) қалыптастыру арқылы кәсіби әлеуметтік тапсырысқа бағдарланған.

Бұл білім беру бағдарламасы заманауи отандық және шетелдік тәжірибелерді, мамандандыру саласындағы авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктер мен оқу-әдістемелік құралдарды жалпылауды, жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұраныстарын ескеру арқылы жасақталған.

5B050900 – Қаржы мамандығына арналған білім беру бағдарламасының жалпы нәтижесі төмендегідей оқу әрекетінің түрлері арқылы анықталады:

1. Аудиториялық сабақтар: дәріс, семинар практикалық сабақтар – инновациялық әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар негізінде желілік білімдік ресурстарды пайдалану арқылы интерактивті формада ұйымдастырылады.

2. Аудиториядан тыс сабақтар: білім алушылардың өзіндік жұмысы, оқытушы жетекшілігімен орындалатын жұмыстар, жеке кеңестер.

3. Оқу, кәсіби практика түрлерін ұйымдастыру, диплом жұмысын (жоба) жазу.

4. Білім бағдарламасының мақсаттары

1-МАҚСАТ: Түлектерді шаруашылық субъектілерінің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеуді жетістікпен орындауға дайындау.

2-МАҚСАТ: Түлектерді әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлері негізінде құқықтық, әкімшіліктік және басқа да шектеулерді ескерумен әр түрлі меншік түрпатындағы кәсіпорындардың, ведомстволардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ұйымдық-басқарушылық қызметті орындауға дайындау.

3-МАҚСАТ: Түлектің еңбек нарығында әлеуметтік ұтқырлығы мен орнықтылығына ықпал ететін жалпы және арнайы күзіреттіліктерді меңгеруі үшін жағдайлар құру.

4-МАҚСАТ: Түлектердің қаржы-экономикалық салада ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізулеріне дайындау.

5-МАҚСАТ: Түлектердің әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерін: мақсатқа ұмтылушылық, жинақылық, еңбек сүйгіштік, тіл табысушылық, ұжымда жұмыс жасай білу, өз кәсіби қызметінің түпкі нәтижесіне жауапкершілігі, азаматтық жауапкершілік, төзімділікті қалыптастыру; олардың жалпы мәдениетін, өз бетінше жаңа білім мен білікті алу және қолдану қабілеттерін арттыру.

5. Білім бағдарламасының төлқұжаты

5.1 Білім бағдарламасын оқыған түлектердің бойында болуы тиіс түйінді күзіреттіліктер:

1) ана тіліне қатысты

қаржы ғылымы саласында жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) түсініктерді, ойларын, сезімдерін, мәнбелерді және ой-пікірлерді айтуға және түсінуге, сондай-ақ қоғамдық және мәдени мәнмәтіннің лингвистикалық және шығармашылық түрде (оқу кезінде, жұмыста, үйде және көпшілік жерде) өзара әрекет етуге қабілетті (ЖҚ-1)

2) шет тіліне қатысты

ағылшын тілінде байланыстың негізгі дағдылары бар: қаржы ғылымы саласында түсініктерді, ойларын, сезімдерін, мәнбелерді және ой-пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тындау, сөйлеу, оқу және жазу) түсінуге, айтуға, түсіндіруге, сондай-ақ қоғамдық және мәдени мәнмәтіннің лингвистикалық және шығармашылық түрде (оқу кезінде, жұмыста, үйде және көпшілік жерде) өзара әрекет етуге қабілетті, халықаралық ортада жұмыс жасауға қабілетті. (ЖҚ-2)

3) іргелі математикалық, ғылымижаратылыстанушылық және техникалық дайындық

күнделікті жағдаяттарда қаржылық міндеттерді шешу үшін ғылыми ой-пікірді дамытуға және қолдануға, өз кәсіби қызметінде қисынды ойлау тәсілдерін (қисын және кеңістіктік зерделеу) және презентацияларды (формулалар, үлгілер, құрылғылаулар, графиктер, кестелер) пайдалануға қабілетті; дәлелдемелерге негізделген мәселелер мен қорытындыларды айқындау үшін айнала әлемді түсіндіретін білім және әдіснама негіздерін қолдануға, кәсіби міндеттерді шешуге өз білімі мен әдіснаманы қолдануға қабілетті. (ЖҚ-3)

4) компьютерлік дайындық

Жұмыс, демалыс және байланыс үшін заманауи ақпараттық технологияларды сенімді және сыни пайдалануға қабілетті, ақпаратты қалпына келтіру, бағалау, сақтау, дайындау, алмасу үшін, кәсіби қызмет саласында Ғаламтордың көмегімен ынтымақтасқан тораптарды байланыс ұстау үшін компьютерді пайдалану дағдысы бар. (ЖҚ-4)

5) оқу

Кең көкжиекті және мәдени танымы бар жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін қаржы жүйесінің ерекшеліктері, мемлекеттік қаржы, әр түрлі меншік тұрпаттарындағы кәсіпорындар қаржысы теориясы және ұйымдастырылуы, сондай-ақ қаржы нарықтарының жұмыс істеуі туралы базалық білімге ие; үнемі білім алуға қажеттілікті сезінеді, қол жетімді мүмкіндіктерді таба алады; оқуға құлшынуға және табандылықпен жалғастыруға, соның ішінде бір өзі және топта уақыт пен ақпаратты тиімді тиімді басқаруға қабілетті; кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылғыш; күнделікті кәсіби қызметі және магистратурада білімін жалғастыруы үшін қажетті жаңа білімді алу дағдылары бар (ЖҚ-5);

6) әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) дайындығы

Білім алушыға қоғамдық және еңбектену тірлігіне тиімді және құрылғылаушы түрінде қатысуға, сондай-ақ азаматтық өмірге толықтай қатысуға мүмкіндік беретіндей, келіспеушіліктерді шешуге қажетті мінез-құлық нысандарына ие; ұжымда, отбасында, әлеуметте, әлемде өмір сүре біледі, басқа адамға құндылыққа қарағандай қабылдап, түсінуге қабілетті; әлемдегі өзара тәуелділікті түсіну сезімі дамыған, байланысқа түсуі, келіспеушіліктің алдын алу мен салдарын жоя білуі дамыған, ұжым ойы мен өз ойы арасын екшеп, ымыраға келе алады; іскерлік этика нормаларын сақтауға

қабілетті, мінез-құлықтың іскерлік және құқықтық нормаларын меңгерген. (ЖҚ-6)

7) кәсіпкерлік, экономикалық дайындық

Экономикалық білім негіздерін меңгерген, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. туралы ғылыми түсінігі бар; экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін біледі және түсінеді; идеяны іске айналдыруға, кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жоспарлауға және жобаларды басқаруға қабілетті; адамдармен жұмыс жасай алады, тапсырысшылармен өзара іс-әрекет ету, қызметкерлерді басқару, тұтынушылармен өзара іс-әрекет ету, рұқсат беруші және өкілетті органдармен жұмыс жасау, билік өкілдерімен жұмыс жасау саласында білімі бар; Қазақстанның құқықтық жүйесі негіздері және заңнамасын, қоғамның әлеуметтік дамуы үрдістерін біледі (ЖҚ-7)

8) мәдени дайындығы

Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері мен мәдениетін біледі; шығармашылық ойларды, тәжірибені және сезімдерді әр түрлі құралдармен көрсету маңызын түсінеді; әлемдегі басқа халықтардың дәстүрі мен мәдениетіне сыйластықпен қарай алады, төзімділікке үйрену керектігін түсінеді және сезінеді; тұрмыстық алалаушылық, елес қуушылық, лаңкестіктен қашу, оларға қарсы іс-әрекет ету; төзімді тұлға ретінде қалыптасқан; өзге мәдениет өкілдерін қабылдайды және түсінеді; білім алу қабілетіне ие; зияткерлік әлемінде шыдамды, өзін жеңіл ұстайды; астамшылық сипаттағы жұртты мінеп сынауға жоқ; жоғары рухани қасиеттерге ие, зиялы тұлға ретінде қалыптасқан (ЖҚ-8)

Қосымша құзіреттіліктер:

Сыни ойлауға қажетті, байқағышлық дағдыларды меңгерген; ой түйю, талдау жасауға, түйін түйюге, баға беруге қабілетті (ЖҚ-9)

Креативті ойлауға бейім: бір тұрғыдан екінші тұрғыға өтуге, басқалардан, жалпыға мәлімнен, жалпыға бірдей қабылданғаннан өзгеше ой тастауға қабілетті; мәселенің мәнісін білуге, бұрынғы қалыптасқанға қарсы тұрып өзгеріс енгізуге қабілетті (ЖҚ-10)

Белсенді өмір салтын ұстану қажеттігін түсінеді және соған қабілетті, басқа тұлғаларға қатысты өз мінез-құлқын көрсете алады, ұжымда ешкімге зиян тигізбей отырып, нормаланған реттемелер шеңберінде топтағы көшбасшылыққа ұмтылады (ЖҚ-11)

Топта жұмыс жасауға қабілетті, өз көзқарасын нақты ұстана алады, жаңа шешімдер ұсына алады; әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бара бар бағдарлана алады (ЖҚ-12)

5.2 Кәсіби құзіреттіліктер

5B050900-Қаржы мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры біліктілігін алған түлек келесі кәсіби құзіреттіліктерге ие болғаны жөн:

- заманауи қаржылық және несиелік өнімдері мен қызметтерді жасақтауға және ұсынуға қабілетті (КҚ-1);

- стратегиялық, ағымдағы және жедел болжамдар, жоспарлар, бюджеттер дайындауға және олардың орындалу барысы мониторингін жүзеге асыруға қабілетті (КҚ-2);
- қаржылық жоғалтуларды ең кіші шамаға келтіру үшін оларды азайту, қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға, тәуекелдерді талдауға және бағалауға қабілетті (КҚ-3);
- орындалатын операциялар шеңбері бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдауға уәждеделген негіздемені дайындауға қабілетті (КҚ-4);
- кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру және жетілдіру бойынша ұсыныстарды іске асыруға қабілетті (КҚ-5);
- Қазақстан Республикасының қаржы-несиелік тетігін жетілдіру мақсаттарында индустриалды дамыған елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін Қазақстанның экономикалық тірлігіне енгізуге және пайдалануға, әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдау және бағалауға қабілетті (КҚ-6);
- отандық тәжірибеде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын қолдануға қабілетті (КҚ-7).
- орта, ортакәсіптік оқу орындарында Қаржы мамандығы пәндерін оқытуды жүзеге асыруға қабілетті (КҚ-8)
- таңдалған ғылыми бағыт бойынша ақпарат-ізденістік жұмысты ұйымдастыруға, өндіріске ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуге қабілетті (КҚ-9).

5.3 Кәсіби қызмет саласы

5B050900-Қаржы мамандығы бойынша Экономика және бизнес бакалавры өз кәсіби қызметін келесі бағыттарда жүзеге асырады:

- қаржы басқармасының экономисі, өңір, қала, аудан, бюджеттік мекеме ұйымының мониторинг бөлімі маманы;
- сақтандыру агенті, брокер, сақтандыруға қатысты кеңес беруші;
- салық инспекторы, салық салу бойынша маман;
- банк мекемелеріндегі несие инспекторы, несиелеу бойынша менеджер, пластикалық карталармен жұмыс жасаушы маман, валюталық және депозиттік операциялар бойынша, банкаралық есеп айырысулар бойынша, бағалы қағаздармен операциялар жүргізуші маман;
- инвестициялық компаниялар мен банктерде, қор нарығының құрылымдық бөлімшелерінде қаржы брокері;
- кәсіпорын, министрлік бөлімшелері мен ведомстволар басшылары.

ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі – 6.

6. Оқыту нәтижелері

Оқытудың бірінші деңгейінде Дублин дискрипторына сәйкес 5B050900-Қаржы мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврын оқыту нәтижелері келесі қабілеттерді болжалдайды:

1) кең көзқарасты және экономикалық пайымдау мәдениетіне ие жоғарыбілімді түлектің қалыптасуына ықпал ететін қаржы-экономикалық пәндер саласындағы білімі мен түсінуін көрсете алады;

2) нарықтық жағдайлар үрдістеріне және экономиканың дағдарысты дамуына (баға, инфляция деңгейі және пайыздық мөлшерлемелер ауытқуларына) базалық білімі негізінде барабар бағдарлана және тиісті экономикалық құрылым тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін сол көрсеткіштерді пайдалана алады;

3) қазіргі замандағы ақпарат ағындарына бағдарлануына өз дағдысын қолданады және қаржы аясындағы құбылыстар мен үдерістердің серпінді өзгерістеріне бейімеле алады;

4) экономикалық заңдылықтарды білуі негізінде ұйымның қаржы қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлейді; жергілікті бюджеттер және кәсіпорындар бизнес-жоспарларының жобаларын құрады; ұйымның қаржылық жағдайларын бағалау үшін есептеулерді, инвестициялық жобалар тиімділігін бағалауды, қарыз алушылардың несиеқабілеттілігін талдауды жүзеге асырады;

5) өнімнің жаңа түрлерін, инновацияларды, технологияларды әзірлеу бойынша қаржыландырудың қосымша көздерін тартуды негіздейді; қаржы-несиелік қатынастардың даму келешегін және өз кәсіби қызметі келешегін көре біледі, капитал құрылымын оңтайландыру, бағалы қағаздар қоржыны тиімділігін бағалау, сондай-ақ инвестицияларды тарата орналастырудың оңтайлы нұсқасын таңдау бойынша шараларды ұсынады.

7. Білім беру бағдарламасының мазмұны/Содержание образовательной программы

Модуль атауы /Наименование модуля	Пән коды/ Код дисциплины	Пән атауы/ Наименование дисциплины	Цикл және компонент/Цикл и компонент	Бақылау түрі/ Форма контроля	Модуль атауы /Наименование модуля	Кредит көлемі/Объем кредитов						Қалыптасқан құзыреттіліктер/ Формируемые компетенции
						KZ	лекция	прак	СӨЖ/СРС	СОӨЖ/СРСП	ECTS	
Жалпы модульдер/Общие модули												
AGM 101 Әлеуметтік гуманитарлық модуль/ Социально-гуманитарный модуль/Social and humanitarian module (9 кредитов)	KKZT 1101	Қазақстанның қазіргі заман тарихы/Современная история Казахстана/The modern history of Kazakhstan	ООД, ОК	Государственный экзамен	1 (А)	3	2	1	1	5	5	ОК-8
	Fil 1102	Философия/ Philosophy	ООД, ОК	Эссе	2 (А)	3	2	1	1	5	5	ОК-10
	MDT 2107	Мәдениет және дін теориясы/ Теория культуры и религии/The theory of culture and religion	ООД, ВОК	Устный экзамен	3 (В)	2	1	1	1	3	3	ОК-6, ОК-8, ОК-12
	Hal 1106	Халелтану / Халеловедение / Haleltanu	ДВО, ВОК	Диф.зачет	1 (В)	1	1	-	1	1	-	ОК-8
TDM 102 Тілдік дайындаудың модулі/ Модуль языковой подготовки/Module of language training (12 кредитов)	К(О)Үа 1103	Қазақ (орыс) тілі/Казахский (русский) язык /Russian language studies	ООД, ОК	Казтест	1,2 (А)	6	-	6	3	9	10	ОК-1
	ShT 1104	Шетел тілі/Иностранный язык Foreign language studies	ООД, ОК	Тест	1,2 (А)	6	-	6	3	9	10	ОК-2
ABM 103 Әлеуметтік бейімделу модулі/ Модуль социальной	АКТ 1105	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар /Информационно-коммуникационные технологии/ Information and communication technologies	ООД, ОК	Тест	1 (А)	3	1	2	1	5	5	ОК-4

адаптаци/Module of social adaptation (8 кредитов)	EKN 2108	Экономика және құқық негіздері/Основы экономики и права/Bases of the economy and law	ООД, ВОК	Start Up проект	3 (B)	2	1	1	1	3	3	ОК-7
	1109	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ООД, КВ	Эссе	1 (C)	3	2	1	1	5	5	ОК-6, ОК-11
Пәнаралық модульдер/Междисциплинарный модуль												
КВСМ 304 КВСМ 304 Кәсіпкердің базалық сауаттылығы модулі/Модуль базовой грамотности предпринимателя/Module of basic literacy of the entrepreneur (10 кредитов)	КК 3211	Кәсіпкерлік құқық/Предпринимательское право Business Law	БД, ВОК	Эссе	5 (B)	2	1	1	1	3	3	ПК-5, ПК-6
	BZh 3212	Бизнес-жоспарлау/Бизнес-планирование/Business planning	БД, ВОК	Групповой проект (разработка бизнес-плана)	5 (B)	2	1	1	1	3	3	ПК-5, ПК-6
	SS 3213	Салық және салық салу/Налоги и налогообложение/Taxes and taxation	БД, ВОК	Письменный экзамен	5 (B)	3	2	1	1	5	5	ПК-5, ПК-6
	PB 3214	HR менеджмент /HRManagement	БД, ВОК	Кейсовые задания	5 (B)	3	2	1	1	5	5	ОК-7, ПК-5
Мамандық бойынша модульдер /Модули по специальности												
ЕМАМ 205 Экономикадағы математикалық әдістер модулі/Модуль математических методов в экономике/The module of mathematical methods in economy (17 кредитов)	ЕТ 1204	Экономикалық теория/Экономическая теория/Economic theory	БД, ОК	Тестирование по технологии ВОУД	1 (A)	2	1	1	1	3	3	ОК-7
	ЕМ 1203	Экономикадағы математика/Математика в экономике Mathematics in economics	БД, ОК	Контрольная работа	1 (A)	3	1	2	1	5	5	ОК-3
	Мік 1205	Микроэкономика /Микроэкономика /Microeconomics	БД, ОК	Тест	2 (A)	2	1	1	1	3	3	ОК-7
	Еко1209	Эконометрика/Econometrics	БД, ВОК	Письменный экзамен	2 (B)	2	1	1	1	3	3	ОК-3
	1210	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Экзамен	2 (C)	2	1	1	1	3	3	ОК-7

	1215	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Эссе	2 (С)	3	2	1	1	5	5	ОК-7
	ОР 1401	Оқу практикасы/Учебная практика/Educational practice	ДВО	Отчет	2 (А)	3					2	
UEMSM 206 Экономиканы реттеу модулі/Модуль регулирования экономики/ Module of regulation of economy (11 кредитов)	Мақ 2206	Макроэкономика/ Макроэкономика / Macroeconomics	БД, ОК	Тестирование по технологии ВОУД	3 (А)	3	2	1	1	5	5	ОК-9, ПК-7,8, ОК-7
	Мар 2216	Маркетинг/Marketing	БД, ВОК	Презентация	4 (В)	3	2	1	1	5	5	ОК-12, ПК-5
	2217	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Письменный экзамен	4 (С)	3	2	1	1	5	5	ОК-1, ПК-5
	2218	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Письменный экзамен	3 (С)	2	1	1	1	3	3	ОК-9, ПК-7,8, ОК-7
ККМ 207 Кәсіби коммуникация модулі/Модуль профессиональных коммуникаций/ Module of professional communications (9 кредитов)	КК(О)Т 2201	Кәсіби қазак (орыс) тілі/Профессиональный казахский (русский) язык/Professionally-oriented (Kazakh, Russian)	БД, ОК	Тест	4 (А)	2	-	2	1	3	3	ОК-1, ОК-7
	КBShT 2202	Кәсіби бағытталған шетел тілі/Профессионально-ориентированный иностранный язык /Professionally oriented English	БД, ОК	Тест	3 (А)	2	-	2	1	3	3	ОК-2, ОК-7
	BF 2208	Қаржыға кіріспе/Введение в финансы/Introduction to Finance	БД, ОК	Комплексный тест	3 (А)	3	2	1	1	5	5	ОК-7, ПК-8
	2219	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Письменный экзамен	3 (С)	2	1	1	1	3	3	ОК-6
КЕМ 208 Қаржы және банк ісі модулі/	BE 2207	Бухгалтерлік есеп/Бухгалтерский учет/ Record-keeping	БД, ОК	Устный экзамен	3 (А)	3	2	1	1	5	5	ОК-7, ПК-2, ПК-9

Модуль финансов и банковского дела/ Module of finance and banking affairs (14 кредитов)	Sta 2220	Статистика/Statistics	БД, ВОК	Контрольная работа	4 (B)	3	2	1	1	5	5	ОК-3, ПК-2
	2221	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Экзамен	4 (C)	3	2	1	1	5	5	ПК-1,7
	2222	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Курсовой проект	4 (C)	4	2	2	2	6	6	ПК-1,7
	ОР 2402	Өндірістік практика/ Производственная практика/ Industrial practice	ДВО	Отчет	4 (A)	2					1	
КВІМ 309 Қаржыны ұйымдастыру/ Модуль организации финансов/ Module organizations of finance (9 кредит)	КК 3301	Корпоративтік қаржы/ Корпоративные финансы/ Corporate finances	ПД, ОК	Тестирование по технологии ВОУД	5 (A)	3	2	1	1	5	5	ОК-5
	3303	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Устный экзамен	5 (C)	2	1	1	1	2	4	ПК-1, ПК-4
	3304	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Письменный экзамен	6 (C)	2	1	1	1	3	3	ПК-7
	3223	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Эссе	6 (C)	2	1	1	1	3	3	ПК-2,3,5
КЕУМ 310 Кәсіпорынды басқару және талдау модулі/ Модуль анализа и управления предприятием/ Module of the analysis and business management (10 кредитов)	КМ 3302	Қаржылық менеджмент/Финансовый менеджмент/Financial management	ПД, ОК	Тестирование по технологии ВОУД	6 (A)	2	1	1	1	3	4	ПК-2,4,6
	3224	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Экзамен	6 (C)	2	1	1	1	3	3	ПК-9, ПК-6
	3225	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Эссе	6 (C)	3	2	1	1	5	5	ПК-4, ПК-6
	3305	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Контрольная работа	6 (C)	2	1	1	1	3	3	ПК-2, ПК-3

OSIM 311 Банктегі басқару модулі/Модуль управления в банке/The control module in bank (10 кредитов)	3226	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Контрольная работа	6 (С)	2	1	1	1	3	3	ПК-7
	3226	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	БД, КВ	Презентация	5 (С)	3	2	1	1	5	5	ПК-7
	3306	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Устный экзамен	6 (С)	3	2	1	1	5	5	ПК-7
	ОР 3403	Өндірістік практика/ Производственная практика/ Industrial practice	ДВО	Отчет	6 (А)	2						1
IZhEM 412 Валюталық және банктік қызметтер модулі/Модуль валютной и банковской деятельности/Module currency and banking activities (9 кредитов)	VO 4307	Валюталық операциялар/Валютные операции/Currency operations	ПД, ВОК	Устный экзамен	7 (В)	3	2	1	1	5	5	ПК-7
	4308	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Устный экзамен	7 (С)	3	2	1	1	5	5	ПК-3, ОК-4
	4309	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Письменный экзамен	7 (С)	3	2	1	1	5	5	ОК-5, ПК-1,7
MOAED 413 Қаржылық және банктік бақылау модулі/Модуль финансового и банковского контроля/Module financial and banking monitoring (15 кредитов)	4310	Қаржылық бақылау және аудит / Финансовый надзор и аудит / Financial oversight and audit	ПД, ВОК	Письменный экзамен	7 (В)	3	2	1	1	5	5	ОК-5, ПК-1,7
	4311	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Презентация	7 (С)	3	2	1	1	5	5	ОК-5, ПК-1,7
	4312	ЭПК таңдау пәні/Выбор дисциплины из КЭД/Discipline choice from the DED	ПД, КВ	Письменный экзамен	7 (С)	3	2	1	1	5	5	ОК-5, ПК-7
	ОР 4404	Өндірістік практика/ Производственная практика/ Industrial practice	ДВО	Отчет	8 (А)	4						10

	DAP 4405	Дипломалды практика/ Преддипломная практика Externship practice	ДВО	Отчет	8 (A)	2					5	ПК-7, ПК-8
КМAM 414 Мемлекеттік аттестация қорытындысы модулі/Модуль итоговой государственной аттестации/ Module of final state assessment	MME 4406	Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан/Государственный экзамен по специальности/ State exam in the specialty	ИА	Гос.экзамен	8 (A)	1					4	ПК-7, ПК-8
	DZhZhKBVME 4407	Диплом жұмысын (жобаны) жазу және қорғау немесе мамандандырылған екі пәннен мемлекеттік емтихан/Написание и защита дипломной работы (проекта) или сдача государственных экзаменов по двум профилирующим дисциплинам/Writing and protection of the thesis (project) or passing state exams in two main subjects	ИА	Защита	8 (A)	2					7	ПК-7, ПК-8
Оқытудың қосымша түрлері/Дополнительные виды обучения												
ОҚТ/ДВО/ Additional modules	DSh (1,2,3)408	Дене шынықтыру/ Физическая культура/Physical Culture	ДВО	Диф.зачет	1,2,3,4 (A)	8						
Біліктіліктің шеңберінен шығатын қосымша модульдер/Дополнительные модули, выходящие за рамки квалификации												
Қосымша модульдер/ Дополнительные модули / Additional modules	ICK 501	IC- Кәсіпорын/IC- Предприятия/ IC-Enterprises	KB	Проект	C	3	2	1	1	5	5	КДВ
	BOZMT 502	Жобалар мен бизнес идеяларды маркетингтік талдау/Маркетинговый анализ бизнес идей и проектов/ Marketing analysis business of the ideas and projects	KB	Проект	C	3	2	1	1	5	5	КДВ
	BShT 503	Басқа да шетел тілдері/Другие иностраннные языки/Other foreign languages	KB	Тест	C	3	2	1	1	5	5	КДВ
	Fit 504	Фитнес/Fitness	KB	Эссе	C	3	2	1	1	5	5	КДВ

8. Модуль формулярының сипаттамасы

Әлеуметтану-гуманитарлық модулі

Модуль атауы мен шифры	AGM 101 Әлеуметтану –гуманитарлық модулі
Пән шифры	KKZT/1101 Қазақстанның қазіргі заман тарихы
Модульге жауапты	Әлеуметтік пәндер кафедрасы
Модуль түрі (блоктың атауы)	Жалпы модульдер
Модуль типі	ЖМ
Модуль деңгейі	BA
Аптадағы сағат саны	3
Кредит саны/ПК/кредиты ECTS	3/5
Оқыту түрі	Күндізгі
Семестр	2
Білім алушының саны	Мәлімет бойынша
Модульдің пререквизиттері	Дінтану, Формальды логика
Модульдің мазмұны	<p>Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерін қамтиды. Атап айтқанда ежелгі замандағы, орта ғасырдағы Қазақстан кезеңдерін, Қазақстан монғол үстемдігі дәуірінде, Қазақ хандығы дәуірі, Қазақ елінің тәуелсіздігінен айырылуы, осы тәуелсіздік күрес жолындағы ұлт- азаттық көтерілістер, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда жүргізілген реформалар, XX ғасыр басындағы Қазақстан, қазақ зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресі, Кеңес дәуіріндегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан тарихына жан –жақты тоқталамыз.</p> <p>Философия пәні. Дүние және адам. Философиялық танымның өзіндік ерекшелігі. Миф. Дін. Ғылым. Философиялық бағыттар мен жүйелердің көптүрлілігі. Философия формаларының этномәдени ерекшеліктері. Философияның қоғамның рухани өміріндегі орны мен маңызы. Болмыс ұғымының көлемін ашу. Онтология. Болмыстың философиялық және физикалық түсінігі. Материалды және рухани болмыс және олардың айырмашылықтары мен бірлігі. Онтологияның негізгі категориялары. Философия пәні және функциялары. Философия пәні және оның тарихи динамикасы. Философия пәні анықтамаларының көптүрлілігі және басты философиялық ойлар. Философия және дүниетану. Дүниетану ұғымы, оның құрылымы және негізгі функциялары. Дүниетанудың тарихи түрлері. Философиялық білімнің құрылымы.</p>
Оқытудың нәтижесі	<p>-Жалпы түрік қоғамында, көшпелі өркениет жүйесінде, евразия әлемі халықтарының тарихи-мәдени қоғам дамуында қазақ халқының, қазақ мемлекеттілігінің алатын орыны мен ролін білу.</p> <p>- Қазақ этносының, көшпелі мал шаруашылығының, мәдениетінің, әлеуметтік құрылымының және саяси</p>

	<p>жүйесінің пайда болуы және дамуын білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тарихи оқиғаларды салыстыруды, оған баға беруді үйрену; - Қазіргі кездегі саяси жағдайларға стратегиялық бағытты анықтауды үйрену; - Оқытылған пәнге байланысты терминологияны білу. <p>Студенттерде жеке, өзіндік ойлауды дамыту, ғылыми танымдық тәсілдермен таныстыру. Философия адамның кемге деген көзқарасын кеңейтеді, өзіндік ойлауды дамытады, адамның әлеуметтануына көмектеседі, мәдениеттік- өркениеттік құндылықтарды түсіндіреді</p>
Қорытынды бақылау түрі	Мемлекеттік емтихан
Кредит алудың шарты	Модульде көрсетілген тапсырмалардың барлығының орындалуы және қорытынды бақылау бойынша оң баға алу
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Асфендияров С.Д. История Казахстана. - Алма-Ата, 1993. 2. Абдакимов А. История Казахстана. - Алматы, 2008. 3. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. Хрестоматия. - Астана, 1999. 4. Арын Е., Арын Р., Абен Е. и др. Казахи. В 9 томах. Алматы: ПЖ-ГПРО, 1998. 5. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. - Алматы: 2009. 6. Абдильдин Ж.М. и мировая философия. Алматы., 2008. 7. Габитов Т.Х. Философия. Учебник. Алматы, 2006. 8. Алексеев П.В. Философия. Учебник. М., 2007. 9. Сәрсенова Ж. Философия.-Алматы: «Өлке», 2010.-232 б. 10. 5.Мырзалы С. Философия.-Алматы: «Бастау», 2008.-644 б. 11. Философия: Оқу құралы/ Р.Е. Жұншеев, Ө.С. Төкенов, А.Ә. Ізтлеуов Алматы, 2007.-365
Жаңарту мерзімі	3 жылда бір рет

Мамандық бойынша модуль

Модульдің атауы және шифры:	КВСМ 304 Кәсіпкердің базалық сауаттылығы модулі КК 3211 Кәсіпкерлік құқық ВZh 3212 Бизнес – жоспарлау SS 3213 Салық және салық салу PB 3214 HRManagement
Модульге жауаптылар:	1. Аға оқытушы Сарсенова А. 2. Магистр Тлепова Г. 3. Магистр Пусырманова А.Б. 4. Магистр Гайсина Г.Ж.
Модуль түрі:	Мамандық бойынша модуль
Модуль деңгейі:	BA
Аптадағы сағат саны: оқытуды ұйымдастыру формаларына (дәрістер, семинарлық, практикалық сағаттар, БӨЖ және басқалары) және аптаға шаққандағы сағаттар саны	Еңбек сыйымдылығы Барлығы – 450 сағат Аудиториялық уақыт – 150 сағат Өзіндік жұмыс – 200 сағат
Кредит саны: ҚР кредиттері/ECTS кредиттері	10/16
Оқу формасы:	Оқу сабақтары негізінен белсенді шығармашылық форма: кейс-стадиялар, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар түрінде жүргізіледі.
Семестр:	5(B)
Білім алушылар саны:	32
Модуль пререквизиттері:	Банк ісі, Қаржы нарықтары және делдалдар, Қаржыгердің кәсіби этикасы
Модуль мазмұны:	Студенттерге Қазақстанның қолданыстағы кәсіпкерлік заңдылықтарының негізгі жарғыларын, кәсіпкерлік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару органдары жүйесін және олардың күзіреттілігі шеңбері туралы түсінік беру. Нарық жағдайындағы бизнес жоспарлау теориясы мен тәжірибесін зерттеу, кәсіпорынның бизнес-жоспарын құру логикасы мен методикасы, сонымен қатар бизнес-жоспардың типтік бөлімдері туралы мағлұмат беру. Салықтың экономикалық мазмұны, функциялары және принциптері туралы, салықтың және Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінің тарихи қалыптасу кезеңдері, елдегі салық реформаларының негізгі концепциялары туралы түсіндіру.
Білім беру нәтижесі:	Қалыптасатын құзыреттіліктер: КК-5, КК-6, МК-7, КК-5; Білім алушы модульді нәтижелі аяқтағанда келесілерге қабілетті болуы қажет: <ul style="list-style-type: none"> – Салық түрлерін және бюджеттегі төлем түрлерінің басқа да түрлерін тізбектей алады, ҚР салық жүйесінің негізгі құрылу және даму кезеңдері, елдегі салық механизмі және салық саясаты туралы айта алады; – Карьераны басқарудың сапасын бағалаудың негізін, кадрлық резервпен жұмысты және кәсіби қызметті таңдай алады және оны тәжірибеде қолдана алады; – Бюджет жүйесі деңгейі бойынша салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ажырата алады, оларды категориялар бойынша жіктей алады, салықтық есеп әдістерін салыстыра

	<p>алады; жинақтай білу, негізгісін бөліп көрсету, стратегиялық ойлауды пайдалана білу, қойылған мақсатқа жете білу мүмкіндігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> – Қазақстандық салық жүйесіндегі және салықтық есептіліктегі өзгерістерді талдау; – Салықтар бойынша ақпараттарды топтастыру және жүйелендіру, салықтық есептілікті құру, салық декларацияларын дайындау; құқықтық реттеу тұрғысынан алғанда оқиғаларды талдау және қажетті нормативтік актілерге жүгіне білу; – Салықтық есеп әдістерін таңдай білу, тиісті шешімдер қабылдау.
Қалыптасқан құзыреттілік деңгейі анықталатын қорытынды бақылау формалары:	<p>Кәсіпкерлік құқық- Эссе Бизнес – жоспарлау – Топтық жоба (Бизнес-жоспар жасақтау) Салық және салық салу – жазбаша емтихан HRManagement -Кейстік тапсырмалар</p>
Кредиттерді алу шарттары:	<p>Модуль бойынша кредиттерді алу шарттары болып әрбір компонент бойынша жұмыс түрлерін түгел орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға алу табылады. Егер, жалпы модуль бойынша қорытынды бақылау бағасы қанағатанарлықсыз, білім алушы оның жеке компоненттері-оқу пәндері бойынша оң бағаға ие болса онда ол қайта есептеледі. Кейін бұл пәндерді білім алушы оқымайды.</p>
Модульдың ұзақтығы:	5 семестр
Әдебиеттер:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы: «ЮРИСТ», 2007. - 40 бет. 2. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 годов // Казахстанская правда, 27 августа 2009 года. 3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да мәндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасының Салық Кодексі (21.07.2015 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) 4. 5- шілде 2014 жылғы № 235-V Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.08.2015 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) 5. «Салық және бюджетке төленетін басқа да мәндетті төлемдер туралы» 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 6. Буров В.П. Бизнес-план фирмы. Теория и практика. Учебное пособие /В.П. Буров, А.Л. Ломакин, В.А. Морошкин. – М.: Инфра – М, 2012 7. Волков А.С. Бизнес-планирование /А.С. Волков, А.А. Марченко. – уч. пособие.-М.: изд-во РИОР, -2013 8. Попп, Л.А. Налоги и налогообложение: учебное пособие / Попп Л.А- Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова,2004 9. Сейдахметова Ф. С. Налоги в Казахстане: Учеб. Пособие.- Алматы: Lem. 2002.-158с. 10.Теория налогообложения /А. И. Худяков, Г. М. Бродский.– Алматы:Норма-К,2002.-389 с.
Жаңарту күні:	

МАМАНДЫҚ БОЙЫНША МОДУЛЬ

Модульдің атауы және шифры:	<p>ЕМАМ 205 Экономикадағы математикалық әдістер модулі ЕТ 1204 Экономикалық теория ЕМ 1203 Экономикадағы математика Мік 1205 Микроэкономика Еко1209 Эконометрика 1210 ЭПК таңдау пәні (Кәсіпкерлік қызмет негіздері/ Қазақстанның экономикалық тарихы) 1215 ЭПК таңдау пәні (Әлемдік экономика/ Халықаралық экономикалық қатынастар) ОР 1401 Оқу практикасы</p>
Модульге жауаптылар:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Магистр Жолумбаева Р.М. 2. Магистр Ахмурзина Т.Н. 3. Ф.-м.ғ.к., Алимагамбетова А.З. 4. Магистр Гайсина Г.Ж.
Модуль түрі:	Мамандық бойынша модуль
Модуль деңгейі:	ВА
Аптадағы сағат саны: оқытуды ұйымдастыру формаларына (дәрістер, семинарлық, практикалық сағаттар, БӨЖ және басқалары) және аптаға шаққандағы сағаттар саны	<p>Еңбек сыйымдылығы Барлығы – 630 сағат Аудиториялық уақыт – 210 сағат Өзіндік жұмыс – 420 сағат</p>
Кредит саны: ҚР кредиттері/ECTS кредиттері	17/24
Оқу формасы:	Оқу сабақтары негізінен белсенді шығармашылық форма: кейс-стадиялар, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар түрінде жүргізіледі.
Семестр:	1(А), 2(А), 2(В), 2(С)
Білім алушылар саны:	32
Модуль пререквизиттері:	Сызықты алгебра, дифференциалдық және интегралды есептеулер, сонымен қатар ықтималдықтар теориясы негізінде білімі болуы қажет.
Модуль мазмұны:	Болашақ мамандарды экономика туралы ақпараттармен, қазіргі экономикадағы әлеуметтік үдерісті талдаумен және микроэкономика ғылымымен таныстырады, студенттерге әлемдік экономика саласында білім беруге үйретеді, студенттерді математикалық аппаратты игеруге, экономикалық есептерді моделдеуге, компьютерлік технологияны пайдалануға үйретеді; қазіргі заманғы экономистің бастапқы дайындығындағы маңызды құраушы болып табылатын қолданбалы есептерді шешуге көмектеседі; экономикалық моделдеуге, экономикалық заңдарды қорытындылауға оқытады; ҚР кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеуді ашуға үйретеді; кәсіпкерлік заңдылықтарды дамыту тенденцияларын қарастырады;
Білім беру нәтижесі:	<p>Қалыптасатын құзыреттіліктер: МК-7, МК-3; Білім алушы модульді нәтижелі аяқтағанда келесілерге қабілетті болуы қажет: – Қазіргі заманғы экономиканың беделді бағыттарының негізгі концепциясы ретінде экономикалық теорияның, микроэкономиканың және әлемдік экономика туралы түсініктер,</p>

	<p>категориялар, құралдары туралы әдістемелік ұсыныстарды атап көрсетеді, алгоритмдік шешімдер үшін қажетті үдерістер мен құбылыстарды болжауға мүмкіндік беретін математикалық әдістерді анықтайды, кәсіпкерлік құқықтың қазіргі заманғы концепцияларына сілтеме жасай алады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Экономикалық теорияның, микроэкономиканың және әлемдік экономиканың негізгі проблемаларын тануға, оның қоғамда болып жатқан үдерістермен өзара байланысын тануға мүмкіндік береді, математикалық тәсілдер арқылы шешуде логикалық әдістерді пайдалана алады, кәсіпкерлік қызметтің белгілерін және формаларын, түрлерін, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарындағы құқықтық статусын талқылайды; - Қазіргі заманғы әдістерді қолдану арқылы экономикалық теорияның, микроэкономиканың және әлемдік экономиканың стандартты теориялық үлгілерінің көмегімен экономикалық білімдерін экономикалық құбылыстардың әдістері мен тәсілдерінде қолдану, зерттеулердің әртүрлі математикалық әдістерін есептеуді өндіреді, шаруашылық субъектілерінің экономикалық қызметін құқықтық реттеуге тәжірибе жинақтайды; - Экономикалық құбылыстардың өзара байланысын талдайды, негізгі экономикалық үлгілерді салыстырады, әлеуметтік-экономикалық үдеріс туралы отандық және шетелдік статистиканың мәліметтерін қорытындылайды. шаруашылық дауларды шешудегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауда жауапкершілікті айқындайды; - Қазіргі заманғы экономиканың жүзеге асу механизміндегі нақты экономикалық, микроэкономикалық және әлемдік жағдайларды салыстырады, әртүрлі құқықтық құбылыстардағы адамдардың құқықтарын қорғаудағы қажетті шараларды қабылдауға баға береді;
<p>Қалыптасқан құзыреттілік деңгейі анықталатын қорытынды бақылау формалары:</p>	<p>Экономикалық теория – ОЖІБ технологиясы бойынша тест жүргізу Экономикадағы математика – бақылау жұмысы Микроэкономика -тест Эконометрика –жазбаша емтихан 1210 ЭПК таңдау пәні - емтихан 1215 ЭПК таңдау пәні - эссе Оқу практикасы -есеп</p>
<p>Кредиттерді алу шарттары:</p>	<p>Модуль бойынша кредиттерді алу шарттары болып әрбір компонент бойынша жұмыс түрлерін түгел орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға алу табылады. Егер, жалпы модуль бойынша қорытынды бақылау бағасы қанағатанарлықсыз, білім алушы оның жеке компоненттері-оқу пәндері бойынша оң бағаға ие болса онда ол қайта есептеледі. Кейін бұл пәндерді білім алушы оқымайды.</p>
<p>Модульдың ұзақтығы:</p>	<p>1,2 семестр</p>
<p>Әдебиеттер:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ачапольская М.З. Экономическая теория/ Минск: ФУАинформ, 2010 2. Агапова Т.А. Микроэкономика, Москва: Маркет ДС, 2009 3. Зубко Н.М. Основы экономической теории: учебное пособие/ Минск: Высшая школа, 2011 4. Новая экономика/ под редакции Е.Ф.Авдокушина, В.С.Сизова. Москва: Магистр, 2009 5. Экономика: Университетский курс/ П.С.Лемещенко.-Минск: Книжный дом, 2007 6. Багроновский К.А., Матюшок В.М. Экономико-математические методы и модели.-М.:ИРУНД, 2009
<p>Жаңарту күні:</p>	

МАМАНДЫҚ БОЙЫНША МОДУЛЬ

Модульдің атауы және шифры:	UEMSM 206 Экономиканы реттеу модулі Мақ 2206 Макроэкономика Мар 2216 Маркетинг 2217 ЭПК таңдау пәні (Менеджмент / Сапа менеджменті) 2218 ЭПК таңдау пәні (Экономиканы мемлекеттік реттеу / Мемлекет және бизнес)
Модульге жауаптылар:	1. Магистр Жолумбаева Р.М. 2. Магистр Дингазиева М.Д. 3. Магистр Ералиева А.А 4. Магистр Мукашева А.Ж.
Модуль түрі:	Мамандық бойынша модуль
Модуль деңгейі:	ВА
Аптадағы сағат саны: оқытуды ұйымдастыру формаларына (дәрістер, семинарлық, практикалық сағаттар, БӨЖ және басқалары) және аптаға шаққандағы сағаттар саны	Еңбек сыйымдылығы Барлығы – 495 сағат Аудиториялық уақыт – 165 сағат Өзіндік жұмыс – 330 сағат
Кредит саны: ҚР кредиттері/ECTS кредиттері	11/18
Оқу формасы:	Оқу сабақтары негізінен белсенді шығармашылық форма: кейс-стадиялар, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөнгелек үстелдер, семинарлар түрінде жүргізіледі.
Семестр:	3 (С), 3 (А), 4 (В), 4 (С)
Білім алушылар саны:	32
Модуль пререквизиттері:	Экономикадағы математика, Эконометрика, Микроэкономика
Модуль мазмұны:	Студенттерге инфляция, жұмыссыздық мәселелері, тоқырау және экономикалық өсу, макроэкономикалық көрсеткіштер түсініктерін беру. ЭМР әдістемесінің және оның негізгі элементтерінің түсініктері. Экономиканы реттеуді ұйымдастыру негізі және оның шетелдік тәжірибесі. Студенттерде менеджмент және маркетингтің теориясы мен практикасы туралы жүйелі білім қалыптастыру. Түрлі ұйымдар қызметін жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау бойынша практикалық есептер шешу үшін негізгі білім қалыптастыру.
Білім беру нәтижесі:	Қалыптасатын құзыреттіліктер: МК-9, МК-7, МК-12, МК-1, КК-5, КК-7,8; Білім алушы модульді нәтижелі аяқтағанда келесілерге қабілетті болуы қажет: - өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну процесіндегі экономикалық қатынастарды тізбелеп айтуға, ұйымның кәсіби қызметі түрі және ілім ретіндегі менеджмент туралы негізгі ұғымды айта білуге; - инфляция түрлерін, экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі элементтерін, маркетингтік қызметі ұйымдастыруды, маркетингтік зерттеулер әдістерін ажыратуға,; - инфляция, жұмыссыздық бойынша, экономикадағы математикалық әдістерге практикалық есептеулер жүргізуге; - қаржыны басқару, әлеуметтік-экономикалық мәселелердегі

	<p>қаржылық жоспарлауды, экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер үшін қажетті бастапқы мәліметтерді, кәсіпорындағы маркетингтік қызметтің тиімділігін талдауға;</p> <p>- рационалды жұмыспен қамтылуды және халықты әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын, тұтынушылар сұранысын қалыптастыру, маркетингтік зерттеулер жүргізуді жүйелеуге;</p> <p>- инфляция, жұмыссыздықты төмендету, экономиканы мемлекеттік реттеу әдістерін, кәсіпорынның маркетингтік жоспары мен бағдарламасын таңдауға.</p>
Қалыптасқан құзыреттілік деңгейі анықталатын қорытынды бақылау формалары:	<p>Макроэкономика - ОЖІБ технологиясы бойынша тест жүргізу</p> <p>Маркетинг- презентация</p> <p>2217 ЭПК таңдау пәні-емтихан</p> <p>2218 ЭПК таңдау пәні-жазбаша емтихан</p>
Кредиттерді алу шарттары:	<p>Модуль бойынша кредиттерді алу шарттары болып әрбір компонент бойынша жұмыс түрлерін түгел орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға алу табылады. Егер, жалпы модуль бойынша қорытынды бақылау бағасы қанағатанарлықсыз, білім алушы оның жеке компоненттері-оқу пәндері бойынша оң бағаға ие болса онда ол қайта есептеледі. Кейін бұл пәндерді білім алушы оқымайды.</p>
Модульдың ұзақтығы:	3,4 семестр
Әдебиеттер:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник, М.:Дело и сервис, 2007 2. Макроэкономика /Учебное пособие под редакци Хубиева Т.А., Алматы: Экономика, 2009 3. Государственное регулирование экономики под редакци Кушлина В.И., Учебник, М.:Экономика, 2000 4. Весин В.Р. Основы менеджмента/ учебник, Москва, 2014 5. Абрамова В.И. Менеджмент и маркетинг: учеб. пособие/ М.: РИОР, 2009 6. Армстронг Г., Котлер Ф. Основы маркетинга/ Учебное пособие, Москва 2006.
Жаңарту күні:	3.10.2016

МАМАНДЫҚ БОЙЫНША МОДУЛЬ

Модульдің атауы және шифры:	КК 207 Кәсіби коммуникация модулі КК(О)Т 2201 Кәсіби қазақ (орыс) тілі КВShТ 2202 Кәсіби –бағытталған шетел тілі КК 2208 Қаржыға кіріспе 2219 ЭПК таңдау пәні (Қаржыгердің кәсіби этикасы / Риторика)
Модульге жауаптылар:	1. Магистр Идельбаева А.С. 2. Магистр Карабаева Н. 3. Магистр Дарискалиева М.С. 4. Магистр Ескалиева А.Ж.
Модуль түрі:	Мамандық бойынша модуль
Модуль деңгейі:	ВА
Аптадағы сағат саны: оқытуды ұйымдастыру формаларына (дәрістер, семинарлық, практикалық сағаттар, БӨЖ және басқалары) және аптаға шаққандағы сағаттар саны	Еңбек сыйымдылығы Барлығы – 405 сағат Аудиториялық уақыт – 135 сағат Өзіндік жұмыс – 270 сағат
Кредит саны: ҚР кредиттері/ECTS кредиттері	9/14
Оқу формасы:	Оқу сабақтары негізінен белсенді шығармашылық форма: кейс-стадиялар, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар түрінде жүргізіледі.
Семестр:	4 (А), 3 (А), 3 (С).
Білім алушылар саны:	32
Модуль пререквизиттері:	Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Экономикадағы математика, Эконометрика, Микроэкономика
